

Еңлік Досымхан¹, Марал Жанарстанова², Майра Дюсембекова³

¹ Astana IT University, Жалпы білім беру пәндері
мектебінің ассистент профессоры, Ph.D.
e-mail: y.dossymkhan@astanait.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0003-2539-8951>

² Astana IT University, Жалпы білім беру пәндері
мектебінің ассистент профессоры, Ph.D
e-mail: zhanarstanova@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0002-0343-2904>

³ Еуразия Ұлттық Университеті, Саясаттану кафедрасының
профессоры, саяси ғылымдарының кандидаты
e-mail: maira.eni@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0002-0604-1642>
(Астана, Қазақстан)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМАЛАР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ӨНІМДІЛІГІНІҢ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ДРАЙВЕРІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен тағылымдамалар оқытушыларға халықаралық білім беру жүйелерінен әртүрлі оқыту әдістемелерін үйренуге және енгізуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім беру сапасын арттырып, инклюзивті тәжірибелерді дамытуға ықпал етеді.

Оқытушылардың әртүрлі академиялық ортада тәжірибе жинақтауы олардың жаңа дағдылар мен көзқарастарға ие болуына, халықаралық кәсіби байланыстар орнатуына, білім беру сапасын жақсартуға, мәдени алмасуды ілгерілетуге, серіктестікті нығайтуға және тәжірибені байытуға септігін тигізеді.

Бұл зерттеу Қазақстандағы жоғары білімді интернационалдандырудың бөлігі ретінде халықаралық алмасу бағдарламалары мен тағылымдамалардың оқытушылардың ғылыми-зерттеу және кәсіби өнімділігіне әсерін қарастыруды мақсат етеді. Сонымен қатар, зерттеу инклюзивті білім беру тәжірибесін дамытуға олардың қосқан үлесін бағалауды да көздейді.

Зерттеудің мақсаты екі зерттеу сұрағына жауап беру арқылы іске асырылды. Әдістеме әдебиеттерге шолу мен сауалнама арқылы жүргізілген эмпирикалық талдауды біріктіреді. Респонденттер Қазақстандағы 10-нан астам жоғары оқу орындарының оқытушылары болып табылады

(n=51). Алмасу бағдарламасының түрі мен тағылымдама өткен елдің географиялық орнына қарамастан, респонденттер халықаралық білім берудің бірнеше бағытта пайдалы болғанын тұрақты түрде атап өтті.

***Түйін сөздер:** интернационалдандыру, алмасу бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, жоғары білім, оқытушылар құрамы, инклюзивті білім беру.*

Еңлік Досымхан, Марал Жанарстанова, Майра Дюсембекова
МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАЖИРОВКИ КАК ДРАЙВЕР НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ПРОДУКТИВНОСТИ И ИНКЛЮЗИВНЫХ ПРАКТИК В КАЗАХСТАНСКОМ ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация. Академические программы мобильности и стажировки предоставляют преподавателям возможность изучать и внедрять различные методики преподавания из международных образовательных систем. Это, в свою очередь, способствует повышению качества образования и развитию инклюзивных практик.

Накопление преподавателями опыта в различных академических средах позволяет им приобретать новые навыки и взгляды, устанавливать международные профессиональные связи, улучшать качество образовательного процесса, содействовать культурному обмену, укреплять партнерство и обогащать педагогическую практику.

Цель данного исследования заключается в рассмотрении влияния программ международного обмена и стажировок на исследовательскую и профессиональную продуктивность преподавателей как части процесса интернационализации высшего образования в Казахстане. Кроме того, исследование направлено на оценку их вклада в развитие практик инклюзивного образования.

Поставленная цель реализована посредством ответа на два исследовательских вопроса. Методология сочетает обзор литературы и эмпирический анализ, проведенный на основе анкетирования. Респондентами выступили преподаватели более чем из 10 вузов Казахстана (n=51). Независимо от типа программы обмена и географического расположения страны прохождения стажировки, респонденты последовательно отмечали полезность международного образования в ряде направлений.

***Ключевые слова:** интернационализация, программы обмена, академическая мобильность, высшее образование, профессорско-преподавательский состав, инклюзивное образование.*

Yenglik Dossymkhan, Maral Zhanarstanova, Maira Dyussebekova
INTERNATIONAL INTERNSHIPS AS A DRIVER OF RESEARCH PRODUCTIVITY AND INCLUSIVE PRACTICES IN KAZAKHSTANI HIGHER EDUCATION

Annotation. International academic mobility programs and internships offer faculty members valuable opportunities to explore and adopt diverse teaching methodologies from global educational systems. These experiences help improve the quality of education and foster the development of inclusive practices. Exposure to various academic environments enables faculty to gain new skills, broaden their perspectives, build international professional networks, and enrich their teaching practices through cultural exchange and strengthened partnerships.

This study aims to explore the impact of international exchange programs and internships on the research and professional productivity of faculty members in the context of higher education internationalization in Kazakhstan. It also evaluates how these programs contribute to inclusive education practices.

The research combines a literature review with empirical data collected through a survey of 51 faculty members from over 10 Kazakhstani universities. Regardless of program type or host country, respondents consistently reported the benefits of international education across multiple aspects of academic and professional development.

Keywords: *internationalization, exchange programs, mobility programs, higher education, teaching staff, inclusive education.*

Кіріспе

2015 жылғы қыркүйекте, БҰҰ-ның 70-ші Бас Ассамблеясында және даму күнтәртібін қабылдау жөніндегі саммитте Қазақстан басқа БҰҰ-на мүшелік елдерімен қатар, жаһандық дамудың одан әрі жетілуі туралы жаңа құжатқа қол қойды. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) міндеттері мен даму стратегиясы Қазақстанның басымдықтары мен мақсаттарымен толық сәйкес келеді.

БҰҰ-ның төртінші Тұрақты даму мақсаты – «Барлық адамдар үшін инклюзивті және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы оқу мүмкіндіктерін ілгерілету» [1]. Төртінші ТДМ мақсаттарына мыналар кіреді: негізгі және орта білімнің тегін болуы; сапалы бастауышқа дейінгі білімге тең қолжетімділік; техникалық, кәсіби және жоғары білімнің қолжетімді болуы; қаржылық табысқа қажетті дағдыларға ие адамдар санының өсуі; білім беру саласындағы барлық кемсітушіліктердің жойылуы; әмбебап сауаттылық пен есептік дағдылар; сондай-ақ тұрақты даму мен жаһандық азаматтықты ілгерілетуге бағытталған білім беру. Сонымен қатар, құжатқа сәйкес үш іске асыру мақсаттарына мыналар жатады: инклюзивті және қауіпсіз мектептер салу және жаңғырту; дамушы елдер үшін жоғары білім беру бойынша стипендияларды кеңейту; сондай-ақ дамушы елдерде білікті мұғалімдер санын арттыру [2].

Жоғары білім беру стипендияларын көбейту мен білікті оқытушылар санын арттыру – Қазақстанның жоғары білім беру саясатының басты басымдықтары болып табылады. Бұл мақсаттарға жетудің бірден бір жолы халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және оқытушылар алмасу бағдарламаларын дамыту. Өз кезегінде, Қазақстанда жоғары білім беруді

интернационалдандыру бағытындағы маңызды қадамдардың бірі – жоғары білім беру реформаларын Болон процесінің қағидаттарына сәйкестендіру туралы шешім болды.

Қазіргі таңда, оқыту мен білім беру әдістемелерінде елеулі өзгерістер орын алуда, мобильдік және алмасу бағдарламалары кеңейіп келеді, оқу бағдарламалары мен курстарды ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәсілдері қайта құрылуда [3]. Сонымен қатар, интернационалдандырусыз инклюзивті білім беруді дамыту шектеліп қалады, ал жаһандық және мәдениетаралық алмасу тәжірибелері инклюзияны кеңейтіп, оны анағұрлым көпқырлы етеді [4].

Жоғары білім берудегі интернационалдандырудың негізгі көрсеткіштерінің бірі – оқытушы-профессорлық құрамның академиялық ұтқырлығы. Бұл ұтқырлық жаһандық жоғары білім беру кеңістігін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқытушылармен алмасу білім беру бағдарламалары мен жалпы академиялық үдерістің сапасын арттырып қана қоймай, ғылыми зерттеулерді де дамытуға мүмкіндік береді. Erasmus, Tempus, British Council, DAAD, CIBA және EduFrance сынды халықаралық бастамалар жоғары білім беруді интернационалдандыруды ілгерілетуге бағытталған [3].

Оқытушылардың академиялық ұтқырлығы мен алмасу бағдарламалары халықаралық ынтымақтастықтың маңызды әрі қажетті бөлігі болып табылады. Академиялық ұтқырлықтың артуы – мемлекеттер арасындағы серіктестіктің қарқынды дамуының нәтижесі. Бұл үрдіс профессор-оқытушылық құрамға таңдаған салалары бойынша жан-жақты білім алуға, түрлі білім беру мекемелері мен қызметтеріне қол жеткізуге, инклюзивті тәжірибелермен танысуға, оқытудың озық әдістерін меңгеруге, сондай-ақ арнайы білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқытуға арналған құзыреттерді дамытуға мүмкіндік береді. Осыған орай, интернационалдандыру мен кадрлар алмасу бағдарламалары инклюзивті білім беруді дамыту тетіктерінің бірі болып табылады.

Оқытушылар үшін академиялық ұтқырлық мансаптық өсуіне, кәсіби желілерді қалыптастыруға, сондай-ақ оқыту мен зерттеу жұмыстарының сапасын арттыруға ықпал ететіні сөзсіз. Алмасу бағдарламалары өз салалары бойынша терең біліммен қатар, жан-жақты дағдылар мен мәдениетаралық құзыреттерге ие түлектерді даярлайды деп есептеледі. Сонымен қатар, бұл бағдарламалар тілдік құзыреттіліктің артуына да жиі септігін тигізеді. Аталған қасиеттер түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін, жалақы деңгейін және мансаптық өсу жолдарын жақсартуға ықпал етеді. Кадрлар алмасу бағдарламаларының түлектері, әдетте, білім беру жүйесін дамытуға, жаңа ғылыми жобаларды бастауға және кәсіби әрі тиімді қызметкердің үлгісі болуға бейім келеді. Осыған байланысты, бұл зерттеу Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде халықаралық алмасу бағдарламаларының, атап айтқанда, «Болашақ» халықаралық стипендиясы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «500 ғалым» бағдарламасы, «Erasmus» және басқа да бағдарламалар түлектерінің қызмет тиімділігін талдауға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты – халықаралық алмасу бағдарламалары мен тағылымдамалардың Қазақстан жоғары оқу орындары оқытушыларының ғылыми-зерттеу қызметіне қалай әсер ететінін зерделеу, сондай-ақ олардың инклюзивті жоғары білім беруді дамытуға қосатын ықтимал үлесін анықтау.

Бұл мақсатты келесі екі зерттеу сұрағы арқылы жүзеге асырылады:

1. Халықаралық алмасу тағылымдамалары мен академиялық ұтқырлық бағдарламалары университет оқытушыларының ғылыми өнімділігіне қалай әсер етеді?
2. Академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен халықаралық тағылымдамалар оқытушылардың инклюзивті жоғары білім беруді дамытуына қандай үлес қосады?

Зерттеу әдістері.

Бұл зерттеу екі зерттеу әдістерінің үйлесіміне негізделген, атап айтқанда әдебиеттерге шолу және әлеуметтанулық сауалнама әдісі қолданылды. Интернационалдандыру және алмасу бағдарламалары бойынша бұрын жүргізілген зерттеулерді жинақтау мақсатында әдебиеттерге шолу жасалды. Бұл тәсіл авторларға осы тақырып бойынша бұрыннан белгілі мәліметтерді жүйелеуге, білімдегі олқылықтарды анықтауға және жаңа зерттеуге негіз қалау үшін контекст қалыптастыруға мүмкіндік берді. Зерттеудің негізгі нәтижелері әлеуметтанулық сауалнама көмегімен алынды. Сауалнаманы авторлар 2024 жылғы 30 шілде мен 30 тамыз аралығында онлайн форматта Google Forms платформасы арқылы жүргізді. Бұл құрал Google Workspace қызметтерінің бір бөлігі және деректерді жинау мен талдауға ыңғайлы түрлі мүмкіндіктерді ұсынады. Сауалнама Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы интернационалдандырудың тиімділігінің кейбір аспектілерін анықтауға бағытталды.

Сауалнама 17 сұрақтан тұрады және Қазақстанның жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылық құрамына арналған. Респонденттердің жалпы мәліметтерін түсіну және деректерді нақты ішкі топтар бойынша талдау үшін демографиялық сұрақтар маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты сауалнаманың алғашқы төрт сұрағы демографиялық деректерге арналды. Олар жынысы, жасы, жұмыс істейтін жоғары оқу орны және ғылыми/академиялық дәрежесі туралы ақпаратты қамтиды.

Сауалнаманың қалған сұрақтары оқытушылардың тағылымдамадан өткеннен кейінгі кәсіби тиімділігі мен жұмыс көрсеткіштеріне әсерін анықтауға бағытталған. Бұл сұрақтар тағылымдаманың өтілу елі мен ұзақтығы, ғылыми бағыты, жарияланымдар саны, Scopus және WoS дерекқорларындағы H-индексі, сондай-ақ тағылымдама кезінде және кейінгі кезеңде алынған жарияланымдар, жобалар мен гранттар саны сияқты нақты әрі мазмұнды ақпаратты жинауға бағытталған.

Жауаптар сандық түрде берілді – абсолютті мәндер немесе ретті шкалалар түрінде. Талдауға дейін барлық мәтіндік жауаптар («жок», «бір», «бірнеше», «білмеймін») сәйкес сандық мәндерге немесе NaN (жетіспейтін

мәндер) ретінде түрлендірілді. Жауаптарының анық еместігі немесе толық еместігіне байланысты кейбір деректер есепке алынбады. Нәтижесінде сауалнамаға қатысқан респонденттердің жалпы саны 51 (n=51) болды.

Айнымалылар арасындағы сызықтық байланыстардың күшін және бағытын бағалау үшін Пирсон корреляция әдісі қолданылды, себебі бұл әдіс сандық деректер арасындағы өзара байланысты талдауға ең қолайлы статистикалық құрал болып табылады.

Әдебиеттерге шолу.

Оқытушы-профессорлық құрамның ұтқырлығы көптеген артықшылықтармен сипатталады. Атап айтқанда, бұл кәсіби өсу мен болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырады, академиялық нәтижелерге оң әсер етеді, достық қарым-қатынас желісін құруға, халықаралық ынтымақтастық орнатуға жол ашады. Сонымен қатар, мұндай ұтқырлық жеке тұлғалық даму тұрғысынан да пайдалы: креативтілік пен шығармашылық қабілетті арттырады, әртүрлілікке ашықтықты қалыптастырады және адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын жақсартады.

Жаһандану үдерісі білім беру жүйесінің интернационалдануына алып келді. Бұл үрдіс әртүрлі елдер арасындағы әріптестік байланыстардың орнауы, түрлі ұлт өкілдерінен құралған оқытушылар құрамының жұмыс істеуі, сондай-ақ бірлескен жобалар, оқу бағдарламалары, ғылыми зерттеулер мен жарияланымдардың жүзеге асуымен сипатталады. Интернационалдандыру аясында академиялық ұтқырлық та маңызды орын алады. Ол студенттер, оқытушылар, зерттеушілер мен басқа да академиялық қызметкерлердің алмасуын қамтиды.

Жоғары оқу орындарының интернационалдануы – салыстырмалы түрде жаңа ұғым. Ол саяси, академиялық және әлеуметтанулық-мәдени аспектілерді қамтиды және оның әсері әрбір елдің немесе жоғары оқу орнының нақты контекстіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін [5].

1970-шы жылдары білім беру жүйесінде ұтқырлық, студенттер алмасуы, көпмәдениетті білім беру және халықаралық зерттеулер сияқты халықаралық элементтер кеңінен қолданылған және бұл үдеріс «халықаралық білім» деп аталған. Алайда 1990-шы жылдарға қарай «интернационалдандыру» термині кеңінен таралып, бұрынғы «халықаралық білім» ұғымының орнына қолданыла бастады [6].

Жоғары білім беруді интернационалдандыру мәселесіне байланысты зерттеушілер тарапынан әртүрлі анықтамалар берілген, олардың ішінде ең кеңінен мойындалған тұжырымдамалардың бірі – Knight [7] ұсынған түсініктеме. Ғалым интернационалдандыру үдерісін жоғары білім беру жүйесінің мақсаттарына, қызмет ету тетіктеріне және оны жүзеге асырудың әртүрлі деңгейлеріне халықаралық, мәдениетаралық және жаһандық өлшемдерді енгізу ретінде сипаттайды. Knight-тың нақтыланған пайымдауына сәйкес, интернационалдандыру студенттік алмасу бағдарламаларын, университеттер арасындағы әріптестік байланыстарды, сондай-ақ

оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығын қамтиды. Осыған ұқсас көзқарасты Crossman [8] да қолдайды. Ол интернационалдандыруды ұлттық мәдениеттер арасындағы өзара қарым-қатынастарды нығайтуды талап ететін жүйелі әрі үздіксіз үдеріс ретінде қарастырады. Интернационалдандырудың дамуымен байланысты ғылыми әдебиетте екі маңызды ұғым айрықша назарға ілікті: «үйдегі интернационалдандыру» және «шетелдегі интернационалдандыру». Шетелдегі интернационалдандыру, әдетте, оқытушылар мен студенттердің ұтқырлығы, академиялық алмасу бағдарламалары секілді трансшекаралық өзара іс-қимылды білдіреді. Ал үйдегі интернационалдандыру оқу бағдарламаларына жаһандық мазмұнды кіріктіруді және ұлттық кампус аясында мәдениетаралық өзара түсіністікті нығайтуды көздейді [9].

Knight [10] пайымдауынша, интернационалдандырудың маңызды құрамдас бөлігі – академиялық ұтқырлық немесе трансшекаралық білім беру болып табылады. Интернационалдандыру үдерісінде университеттер студенттердің халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысуын барған сайын белсенді түрде ынталандыруда [11]. Осы зерттеу аясында интернационалдандырудың неғұрлым тар ауқымды қыры қарастырылады, яғни назар негізінен оқытушы-профессорлар құрамының алмасу бағдарламалары шеңберіндегі тәжірибесіне аударылады.

2010 жылы Қазақстан Орталық Азия елдерінің ішінде алғаш болып Болон декларациясына қол қойып, Болон процесіне қосылды. Нәтижесінде елде Еуропалық кредиттік трансфер және жинақтау жүйесіне (European Credit Transfer and Accumulation System – ECTS) сәйкес келетін кредиттік оқыту жүйесі енгізіліп, академиялық ұтқырлық бағдарламалары жүзеге асырыла бастады [12].

Алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасында білім беру сапасын жетілдіру және жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту мақсатында халықаралық ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлықты дамытуға бағытталған маңызды бастамалар жүзеге асырылды. Осы үдерісте ERASMUS бағдарламасының орны ерекше. Бұл бағдарлама 1987 жылы университеттер арасындағы оқытушылар мен студенттердің ұтқырлығын қамтамасыз ету мақсатында іске қосылған болатын [13].

Көптеген мемлекеттер халықаралық білім беру бастамаларын қолдау мақсатында мемлекеттік стипендиялық бағдарламаларын құрды. Мәселен, Сауд Арабиясында – King Abdullah Scholarship Program, Нигерияда – Rivers State Government Scholarships, ал Еуропалық Одақта академиялық ұтқырлықты ілгерілетуге бағытталған ең үздік үлгі ретінде ERASMUS бағдарламасы (кейін ERASMUS+ деп аталды) жүзеге асырылуда. Қазақстанда осы мақсатта «Болашақ» халықаралық стипендиясы ұсынылған [14]. Президенттік «Болашақ» стипендиясы 1993 жылғы 5 қарашада білім беру қызметінің сапасын арттыру және әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу мақсатында іске қосылды. Соңғы 30 жыл ішінде 12 000 қазақстандық аталған стипендия иегері атанып, 33 елдің жетекші 207 университетінде білім алу мүмкіндігіне ие болды [15].


Нәтижелер мен талқылау

№1 зерттеу сұрағы (RQ1): Халықаралық алмасу тағылымдамалары мен академиялық ұтқырлық бағдарламалары университет оқытушыларының зерттеу өнімділігіне қалай әсер етеді?

Аталған сұраққа жауап алу үшін авторлар респонденттерге ғылыми тағылымдамалар барысында және одан кейінгі кезеңдегі ғылыми-зерттеу және жарияланымдық белсенділігіне қатысты бірнеше сауалдар қойды.

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысудың оқытушылардың жарияланымдық белсенділігінің артуымен оң байланыста екенін көрсетті. Ғылыми тағылымдама кезеңінде және одан кейін халықаралық (Scopus/WoS) дерекқорларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – ҒЖБСК) ұсынған ұлттық журналдарда кемінде бір жарияланым бар авторлардың үлесі айтарлықтай жоғары деңгейде екені анықталды (1-сурет).

1-сурет. Ғылыми тағылымдама кезеңінде және одан кейін жарияланым бар авторлардың үлесі (%)




Сонымен қатар деректер жалпы халықаралық жарияланымдардың саны (215) ұлттық журналдардағы жарияланымдар санынан (113) асып түсетінін көрсетеді. Бұл жағдай халықаралық тағылымдамалар мен алмасу бағдарламаларының Scopus және WoS дерекқорларында индекс-телген басылымдардағы ғылыми жарияланымдардың өсуіне ықпал ететінін дәлелдейді. Мұндай үрдіс, өз кезегінде, қазақстандық ғылымның халықаралық деңгейде танылуына және авторлардың ғылыми мансаптық ілгерілеуіне оң әсерін тигізуі мүмкін.

Ғылыми тағылымдамалар барысында және одан кейін шетелдік ғалымдармен бірлесіп жүзеге асырылған ғылыми жобалардың санына қатысты сұрақ жалпы алғанда төмен деңгейдегі ынтымақтастықты көрсетті. Респонденттердің тек 29%-ы ғана кемінде бір ортақ жобаға қатысқанын хабарлады. Бұл көрсеткіштің төмендігі желілік байланыстардың жеткіліксіздігі, шетел тілдерін меңгеру деңгейі, тағылымдамалардың ұзақтығы немесе басқа да шектеулер сияқты факторлармен түсіндірілуі мүмкін. Дегенмен, халықаралық тағылымдамалар көп жағдайда тікелей

бірлескен жобаларға алып келмегенімен, белгілі бір топ үшін шетелдік әріптестермен ғылыми ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік беретінін атап өтуге болады.

Тағылымдамалар кезеңінде немесе олардан кейін респонденттердің алған ғылыми гранттарының саны да аса жоғары деңгейде емес екені анықталды (2-сурет). Респонденттердің көпшілігі (63%) ешқандай грант алмағанын көрсетті, бұл халықаралық тағылымдамалардың автоматты түрде гранттарға қол жеткізуге әкелмейтінін аңғартады. Аз ғана бөлігі 1–2 грантқа ие болғанын атап өтті, ал өте аз санды қатысушылар 3-тен астам грант алған.

2-сурет. Ғылыми тағылымдамалар кезеңінде және одан кейін алынған гранттардың жалпы саны (гранттық қаржыландыру жобалары, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, коммерцияландыру жобалары)



Авторлар тағылымдамалардың ұзақтығы мен ғылыми нәтижелер арасындағы байланысты Пирсонның сызықтық корреляция моделі арқылы талдады. Бұл тәсіл корреляциялық байланыстың бар-жоғын, оның бағытын (тікелей немесе кері) және күшін анықтауға мүмкіндік береді.

Респонденттер тағылымдама ұзақтығын 1–5 аралығындағы шкала бойынша көрсетті, мұнда: 1 = 1–2 апта; 2 = 1–3 ай; 3 = 3–6 ай; 4 = 6–9 ай; 5 = 9–12 ай немесе одан да көп. Кейіннен респонденттердің ғылыми жетістіктері (Scopus және WoS базасында индекстелген халықаралық журналдардағы, сондай-ақ ұлттық журналдардағы жарияланымдар) тағылымдама ұзақтығына сәйкес талданды.

Пирсон корреляциясының моделі келесі формулаға сәйкес қолданылды:

$$r_{X,Y} = \frac{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})(Y_i - \bar{Y})}{\sqrt{\sum_{i=1}^n (X_i - \bar{X})^2} \cdot \sqrt{\sum_{i=1}^n (Y_i - \bar{Y})^2}}$$

Мұнда X_i – респонденттің тағылымдама ұзақтығы (1–5 шкаласы бойынша), ал Y^i – жарияланымдар саны, ол келесі түрде анықталды:

$$Y = Q9 (\text{Scopus, WoS}) + Q10 (\text{ҒЖБСК})$$

№ 4 (88) 2025

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

**Қоғам &
Дәуір**

Талдау нәтижесінде Пирсон коэффициентінің мәні болып, тағылымдама ұзақтығы мен жарияланымдық белсенділік арасында әлсіз оң корреляция бар екені көрсетілді. Бұл ұзақ мерзімді тағылымдамалар зерттеу өнімділігінің артуына белгілі бір деңгейде ықпал етуі мүмкін екенін аңғартқанымен, айтарлықтай әсер ететін өзге факторлардың да бар екендігін болжайды.

Жалпы алғанда, №1 зерттеу сұрағына жауап ретінде сауалнама нәтижелері респонденттердің халықаралық және ұлттық журналдардағы жарияланымдық белсенділігінің оң динамикасын көрсетті. Алайда тағылымдама ұзақтығының ғылыми өнімділікке әсері шамалы болып шықты және грант алу мен шетелдік ғалымдармен бірлескен жобаларға қатысу деңгейі тағылымдама барысында немесе одан кейін елеулі өсім көрсетпеді.

№2 зерттеу сұрағы (RQ2): Академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен оқытушылардың халықаралық тағылымдамалары инклюзивті жоғары білімді дамытуға қандай үлес қосады?

Халықаралық тағылымдамалар мәдени, академиялық және білім беру алмасуын ынталандыру арқылы инклюзивті білім беруді дамытуға ықпал ете алады. Бұл үдеріс ой-өрісті кеңейтеді, жаңа әдістер мен оқыту тәсілдерін енгізеді және түптеп келгенде оқытушылардың кәсіби тәжірибесінде неғұрлым толерантты, креативті әрі инклюзивті болуына жағдай жасайды. Сауалнамада инклюзивті тәжірибелерге қатысты арнайы сұрақтар қамтылмағанымен, белгілі бір тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретін нәтижелер байқалды.

Біріншіден, тағылымдамаларға қатысу жаңа оқыту әдістерін енгізуге және жаңартылған оқу курстарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Сауалнамаға қатысқан 51 респонденттің ішінде 49%-ы ғылыми тағылымдама барысында немесе одан кейін кемінде бір электрондық білім беру ресурсын (мысалы, Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn сияқты ашық қолжетімді платформалардағы курстарды немесе университеттің ресми платформасындағы дәрістер курстары мен бейнесабақтарды) әзірлеп, жариялағанын хабарлады. Мұндай нәтижелер инклюзивті білім беруге оң ықпал етуі мүмкін. Қатысушылардың үлесі орташа деңгейде болғанымен, цифрлық форматтарды енгізу инклюзия үшін аса маңызды, себебі олар оқу үдерісін дәстүрлі аудиториядан тыс кеңейтіп, әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдауға мүмкіндік береді.

Шетелдік ғалымдармен ынтымақтастық шектеулі деңгейде болғанымен, респонденттердің 29%-ы бірлескен жобаларға қатысқанын хабарлады. Мұндай ынтымақтастықтар мәдениетаралық академиялық алмасуға, бірлескен жарияланымдарға және кең ауқымды ғылыми қауымдастықтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл үдерістер халықаралық көзқарастар мен жаһандық стандарттарды жергілікті жоғары білім беру жүйесіне енгізу арқылы инклюзивтілікті жанама түрде ілгерілете алады.

Сонымен қатар, респонденттер 15-тен астам елде, соның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Португалия, Түркия, Ресей, Болгария, Венгрия және Испанияда болғанын атап өтті. Мұндай кең географиялық өкілдік

төзімділікті, инклюзивтілікті, мәдениетаралық түсіністі нығайтып, академиялық көзқарастың кеңеюіне ықпал етеді.

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері халықаралық тағылымдамалар мен академиялық ұтқырлық бағдарламаларының инклюзивті жоғары білімді дамытуға негізінен цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеуді ынталандыру және халықаралық ынтымақтастықты жандандыру арқылы ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар, ағылшын тілін меңгеру деңгейінің артуы оқытушыларға ғылыми әдебиеттерге, халықаралық зерттеу дерекқорларына және онлайн оқу материалдарына кеңінен қол жеткізуге мүмкіндік береді. Аталған факторлар жинақтала отырып, ТДМ 4 (Тұрақты даму мақсаты – «Сапалы білім») жетістіктеріне қолдау көрсетеді.

Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде инклюзияны одан әрі ілгерілету үшін академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысқан оқытушылардың тәжірибелерін әріптестерімен семинарлар мен кездесулер арқылы бөлісуін ынталандыру, сондай-ақ оқу курстарына әртүрлі оқу форматтарын және көмекші технологияларды енгізу тиімді болмақ.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері халықаралық алмасу бағдарламалары мен тағылымдамалардың Қазақстандағы оқытушылардың ғылыми өнімділігіне оң әсерін тигізетінін, әсіресе халықаралық деңгейде танылған журналдардағы жарияланымдардың көбеюі тұрғысынан айқын байқалатынын көрсетті. Алайда олардың грант алу және шетелдік ғалымдармен бірлескен жобаларды жүзеге асыруға ықпалы шектеулі болып отыр. Бұл жағдай университеттер мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тарапынан анағұрлым жүйелі және құрылымдық қолдау тетіктерін дамытудың қажеттілігін айқындайды.

Зерттеу нәтижелері сондай-ақ академиялық ұтқырлық бағдарламаларының инклюзивті жоғары білімді дамытуға жанама түрде ықпал ететінін көрсетті. Бұл ықпал цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу, мәдениетаралық жаңа тәжірибелер алу және оқытудың әртүрлі форматтарын енгізу арқылы жүзеге асады. Ұтқырлық пен тағылымдамалар бағдарламаларын әртараптандыру олардың әртүрлі оқытушылардың қажеттіліктеріне сәйкес тиімділігін арттырып, инклюзивті тәжірибелерді ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің шектеулерін де атап өткен жөн. Біріншіден, сауалнамада инклюзивті тәжірибелерге қатысты тікелей сұрақтар қамтылмағандықтан, халықаралық алмасу бағдарламаларының инклюзияға ықпалы тек жанама түрде айқындалды. Екіншіден, респонденттердің санының салыстырмалы түрде аздығы (n=51) алынған нәтижелердің өкілдік деңгейін төмендетіп, оларды елдегі барлық жоғары оқу орындарына жалпылауға мүмкіндік бермейді.

Қаржыландыру: Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № AP25796451).

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «4-ші мақсат: Сапалы білім беру» // UNDP. URL: <https://www.undp.org/sustainable-development-goals/quality-education> (қаралған күні: 13.04.2024).
2. Bartram J., Brocklehurst C., Bradley D., Muller M., Evans B. Policy review of the means of implementation targets and indicators for the sustainable development goal for water and sanitation. 2018.
3. Абдыхалыкова З., Сактаганова И. С., Абикенова С., Байдильдинова А. Современное состояние интернационализации высшего образования Казахстана // New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences. 2017. Т. 2, № 5. DOI: 10.18844/prosoc.v2i5.1119.
4. Özturgut O. Internationalization for Diversity, Equity, and Inclusion // Journal of Higher Education Theory and Practice. 2017. Vol. 17, No. 6.
5. De Wit H., Altbach P. Internationalization in higher education: Global trends and recommendations for its future // Policy Reviews in Higher Education. 2021. Vol. 5, No. 1. P. 28–46. DOI: 10.1080/23322969.2020.1820898.
6. De Wit H., Deca L., Hunter F. Internationalization of higher education – What can research add to the policy debate? // В кн.: Curaj A., Matei L., Pricopie R., Salmi J., Scott P. (ред.). The European Higher Education Area: Between Critical Reflections and Future Policies. Springer International Publishing, 2015. С. 3–12. DOI: 10.1007/978-3-319-20877-0.
7. Knight J. Internationalization Remodeled: Definition, Approaches, and Rationales // Journal of Studies in International Education. 2004. Vol. 8, No. 1. DOI: 10.1177/1028315303260832.
8. Crossman J. E., Clarke M. International experience and graduate employability: Stakeholder perceptions on the connection // Higher Education. 2010. Vol. 59, No. 5. P. 599–613.
9. De Wit H., Hunter F. Internationalization of higher education: Evolving concepts, approaches, and definitions // В кн.: Shin J. C., Teixeira P. N. (ред.). Encyclopedia of International Higher Education Systems and Institutions. Dordrecht: Springer, 2018. С. 1–6. DOI: 10.1007/978-94-017-9553-1_567-1.
10. Knight J. Cross-border higher education: Quality assurance and accreditation issues and implications // В кн.: Globalization and Tertiary Education in the Asia-Pacific: The Changing Nature of a Dynamic Market. 2010. DOI: 10.1142/9789814299046_0004.
11. Hermans J. High potentials: A CEO perspective // Journal of Studies in International Education. 2007. Vol. 11, No. 3/4.
12. Рустемова А., Мейрманов С., Окада А., Ашинова З., Рустем К. Академическая мобильность студентов из Казахстана в Японию: проблемы и перспективы // Социальные науки. 2020. Т. 9, № 8. DOI: 10.3390/socsci9080143.
13. Welch A., Denman B. Internationalization of higher education: Retrospect and prospect // Forum of Education. 1997. Vol. 52. P. 14–29.
14. Джонбекова Д., Серкова Ю., Мазбулова З., Джумакулов З., Руби А. Как выпускники международного высшего образования вносят вклад в развитие своей страны: пример стипендиатов правительства Казахстана // Higher Education Research and Development. 2023. Т. 42, № 1. DOI: 10.1080/07294360.2021.2019200.
15. 30 лет программе «Болашак»: успешному проекту независимого Казахстана // 365info.kz. URL: <https://365info.kz/2021/11/30-let-programme-bolashak-uspeshnomu-proektu-nezavisimogo-kazahstana> (қаралған күні: 02.10.2025).

REFERENCES:

1. «4-shi maksat: Sapaly bilim беру» [4th goal: Providing quality education] // UNDP. URL: <https://www.undp.org/sustainable-development-goals/quality-education>

(accessed: 13.04.2024).

2. Bartram J., Brocklehurst C., Bradley D., Muller M., Evans B. Policy review of the means of implementation targets and indicators for the sustainable development goal for water and sanitation. 2018.
3. Abdykhalykova Z., Saktaganova I. S., Abikenova S., Baidildinova A. Sovremennoe sostoyanie internacionalizatsii vysshego obrazovaniya Kazakhstana [The current state of the internationalization of higher education in Kazakhstan] // New Trends and Issues Proceedings on Humanities and Social Sciences. 2017. T. 2, № 5. DOI: 10.18844/prosoc.v2i5.1119.
4. Özturgut O. Internationalization for Diversity, Equity, and Inclusion // Journal of Higher Education Theory and Practice. 2017. Vol. 17, No. 6.
5. de Wit H., Altbach P. Internationalization in higher education: Global trends and recommendations for its future // Policy Reviews in Higher Education. 2021. Vol. 5, No. 1. P. 28–46. DOI: 10.1080/23322969.2020.1820898.
6. de Wit H., Deca L., Hunter F. Internationalization of higher education – What can research add to the policy debate? // In: Curaj A., Matei L., Pricopie R., Salmi J., Scott P. (eds.). The European Higher Education Area: Between Critical Reflections and Future Policies. Springer International Publishing, 2015. P. 3–12. DOI: 10.1007/978-3-319-20877-0.
7. Knight J. Internationalization Remodeled: Definition, Approaches, and Rationales // Journal of Studies in International Education. 2004. Vol. 8, No. 1. DOI: 10.1177/1028315303260832.
8. Crossman J. E., Clarke M. International experience and graduate employability: Stakeholder perceptions on the connection // Higher Education. 2010. Vol. 59, No. 5. P. 599–613.
9. de Wit H., Hunter F. Internationalization of higher education: Evolving concepts, approaches, and definitions // In: Shin J. C., Teixeira P. N. (eds.). Encyclopedia of International Higher Education Systems and Institutions. Dordrecht: Springer, 2018. P. 1–6. DOI: 10.1007/978-94-017-9553-1_567-1.
10. Knight J. Cross-border higher education: Quality assurance and accreditation issues and implications // In: Globalisation and Tertiary Education in the Asia-Pacific: The Changing Nature of a Dynamic Market. 2010. DOI: 10.1142/9789814299046_0004.
11. Hermans J. High potentials: A CEO perspective // Journal of Studies in International Education. 2007. Vol. 11, No. 3/4.
12. Rustemova A., Meirmanov S., Okada A., Ashinova Z., Rustem K. Akademicheskaya mobilnost studentov iz Kazakhstana v Yaponiyu: problemy i perspektivy [Academic mobility of students from Kazakhstan to Japan: challenges and prospects] // Sotsialnye nauki. 2020. T. 9, № 8. DOI: 10.3390/socsci9080143.
13. Welch A., Denman B. Internationalization of higher education: Retrospect and prospect // Forum of Education. 1997. Vol. 52. P. 14–29.
14. Dzhonbekova D., Serkova Yu., Mazbulova Z., Dzhumakulov Z., Rubi A. Kak vypuskniki mezhduнародного vysshego obrazovaniya vnosyat vklad v razvitiye svoey strany: primer stipendiatov pravitelstva Kazakhstana [How graduates of international higher education contribute to the development of their country: the case of Kazakhstan's government scholarship recipients] // Higher Education Research and Development. 2023. T. 42, № 1. DOI: 10.1080/07294360.2021.2019200.
15. 30 let programme «Bolashak»: uspešnomu proektu nezavisimogo Kazakhstana [30 years of the “Bolashak” program: a successful project of independent Kazakhstan] // 365info.kz. URL: <https://365info.kz/2021/11/30-let-programme-bolashak-uspešnomu-proektu-nezavisimogo-kazahstana> (accessed: 02.10.2025).

Мақаланың редакцияға түскен күні: 06-05-2025

Мақаланың жарияланған күні: 19-12-2025